

**Қарашаның жиырма алтысы**

**Компьютердің тарихы. Кіріме сөздер**



# Мәтінді түсініп оқу.

## ▣ Компьютердің тарихы

Компьютер тарихы көлемді есептеулерді жеңілдету жолдарын іздестірумен тығыз байланысты. Тіпті көп санды қарапайым арифметикалық операциялардың өзі адам миы үшін қиындық туғызады. Сол үшін ежелден-ақ қарапайым есептегіш құрал – абак пайда болған. Он жетінші ғасырда күрделі математикалық есептерді жеңілдететін логарифмикалық сызғыш пайда болған. 1642 жылы Паскаль Блез сегіз зарядты есептегіш механизм құрастырып шығарған. Екі жүз жылдан кейін 1820 жылы француз Шарль Голь көбейту мен бөлуді орындай алатын арифмометр ойлап шығарған. Бұл прибор есепшілердің таптырмайтын құралына айналған.

Ғылым мен техниканың одан әрі дамуы 1940 жылдары бірнеше рет есептегіш машиналарды шығаруға мүмкіндік берді. 1944 жылы Ай-Би-Эмнің өндіріс орындарының бірінде Гарвард университетінің ғалымдарымен АҚШ тапсырыс бойынша «Марк-1» деп аталатын машина құрастырып шығарды. Бұның салмағы 35 тонна болды.

1960 жылдардың басына қарай көлемді статистикалық мәліметтерді өңдеу үшін компьютерлер кеңінен қолданыла бастады. Бағасы қымбат болғандықтан, компьютерлер барлық салада қолданыла алмады.

1970 жылы «Intel» компаниясының қызметкері Эдвард Хофф тұңғыш микропроцессорды ойлап шығарды.

# Сөздік жұмыс. Жаңа сөздерді жаттаңыз. Дәптерге көшіріп жазып алыңдар

компьютер тарихы – история компьютера

көлемді есептеулер – объемные вычисления

іздігіру – изыскание

тіпті – даже

көп санды қарапайым арифметикалық операциялар –

многочисленные простые арифметические операции

қарапайым есептегіш құрал – простое вычислительное средство

күрделі математикалық есептер – сложные математические  
вычисления

логарифмикалық сызғыш – логарифмическая черта

сегіз зарядты есептегіш механизм – восьмизарядный  
вычислительный механизм

құрастырып шығарған – сконструировал

көлемді статистикалық мәліметтер – объемные статистические  
данные

# Тапсырмалар

- **1-тапсырма. Мәтін бойынша 5 сұрақ-жауап құрыңыз.**
- **2 –тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңыз.**
- Компьютер тарихы көлемді есептеулерді жеңілдету жолдарын .....тығыз байланысты. Тіпті көп санды қарапайым арифметикалық операциялардың өзі .....қиындық туғызады. Сол үшін ежелден-ақ қарапайым есептегіш құрал –.....пайда болған. Он жетінші ғасырда күрделі математикалық есептерді жеңілдететін .....пайда болған. 1642 жылы Паскаль Блез сегіз зарядты .....құрастырып шығарған. Екі жүз жылдан кейін 1820 жылы француз Шарль Голь көбейту мен бөлуді орындай алатын .....ойлап шығарған. Бұл прибор есепшілердің таптырмайтын құралына айналған. Ғылым мен техниканың одан әрі дамуы 1940 жылдары бірнеше рет .....шығаруға мүмкіндік берді. 1944 жылы Ай-Би-Эмнің .....бірінде Гарвард университетінің ғалымдарымен АҚШ ..... бойынша «Марк-1» деп аталатын машина құрастырылып шығарылды. Бұның салмағы 35 тонна болды. 1960 жылдардың басына қарай көлемді ..... өңдеу үшін компьютерлер кеңінен қолданыла бастады. Бағасы қымбат болғандықтан, компьютерлер ..... қолданыла алмады. 1970 жылы «Intel» компаниясының қызметкері Эдвард Хофф тұңғыш ..... ойлап шығарды.
- **3 тапсырма. Қазақ тіліне аударыңыз.**
- Механические вычислительные машины. Первый арифмометр сконструировал Блез Паскаль в 1642. Более сложную механическую вычислительную машину изобрел английский ученый Бэббидж в 1822 г. Первый ЭВМ в 1945 г. в США создали «ЭНИАК». Эта ЭВМ состояла из 18000 электронных ламп, весила 30 тонн, выполняла 500 сложений в секунду, а «запоминала» только 512 чисел.

# Грамматикалық тақырыпты дәптерге жазып алыңдар.

## Запишите грамматическую тему в тетрадь.

### Кіріме сөздер

Басқа тілден енген сөздерді *кіріме сөздер* дейміз. Өз тарихында қазақ халқы көптеген елдермен қарым-қатынас жасап, аралас-құралас болғаны мәлім. Соның нәтижесінде араб, парсы, моңғол, орыс тілдерінен қазақ тіліне көптеген сөздер енген. Керісінше, қазақ тілінен де көптеген сөздер енді. Мысалы, араб және парсы тілінен енген *адам, әлем, ғылым, қоғам, мектеп, тарих, әдебиет, мәдениет, емтихан* т.б. сөздер бар.

Моңғол тілінен ел билеуге байланысты *ұлыс, нөкер, жасақ, аймақ, жарлық* сөздері енген.

Ал орыс тілінен қазақ тілінен *жәшік, тәрелке, керуерт, бөтелке, бәтеңке, кәмпит, сөмке* т.б.

Латын тілінен: *лекция, республика, министр, операция.*

Неміс тілінен: *орден, итурм, рота, кран.*

Француз тілінен: *жюри, батальон, дуэль, гарнизон.*

Ағылшын тілінен: *бокс, вагон, вокзал, митинг.*

Соңғы жылдары кіріме сөздердің біразы қазақшаға аударылды:

*Самолет –ұшақ, вертолет –тікұшақ, коллектив –ұжым* т.б.

**4 тапсырма. Мәтіннен кіріме сөздерді теріп жазыңыз**

**5-тапсырма. Қазіргі тілімізге басқа тілден енген сөздердің көпшілігі компьютер мен ақпараттық жүйеге қатысты 5 сөзге қосымша жалған, сол сөздермен сөйлем құраңыздар. Большинство слов, вошедших в наш современный язык из другого языка, относятся к компьютеру и информационной системе, составьте 5 предложения с этими словами.**

## **Сабақтан алған білімді тексеру тапсырмалары**

Өлеңді жаттап алыңыз, түсінгеніңізден жазбаша мәлімет беріңіз.

*Өнер – білім бар жұрттар*

*Тастан сарай салғызды*

*Айшылық алыс жерлерден*

*Көзді ашып-жұмғанша*

*Жылдам хабар алғызды*

*Білімді жиды жалықпай*

*Суда жүзді балықтай*

*Біз болмасақ, сіз барсыз*

*Желкілдеп өскен жас ұрпақ*

*Сіздерге бердім батамды-ай. Ы.Алтынсарин*

**Үйге тапсырма. Сөздік жаттау. 5 тапсырма.**

**Задание на дом. Выучить словарь. 5 задание.**